



«Мемлекеттік аннуитеттік компания» ӨСК» АҚ

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің 2025 жылғы
«02» маусымдағы № 9 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

**ӨМІРДІ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ
ЖИНАҚТАУШЫ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

РӘС МАК 848

Астана қ., 2025 ж.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2025 жылғы «02» маусым	
	Өмірді және еңбекке қабілеттілікті ұзақ мерзімді жинақтаушы сақтандыру ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар	РӘС МАК 848	2/13 б.

Өмірді және еңбекке қабілеттілікті ұзақ мерзімді жинақтаушы сақтандыру ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар.

1. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 17 қазандағы №25 шешімімен бекітілген Өмірді және еңбекке қабілеттілікті ұзақ мерзімді жинақтаушы сақтандыру ережелеріне (бұдан әрі – «МАК» ӨСК» АҚ) (бұдан әрі – Ережелер) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Ережелердің 9-тарауын мынадай мазмұндағы 34-1-тармақпен толықтырылсын:

«34-1. Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда не оның өз құқықтарынан бас тартуы кезінде, оның құқықтары Сақтанушыға, ал егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылған жағдайда – Сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.»;

2) Ережелердің 9-тарауын мынадай мазмұндағы 34-2-тармақпен толықтырылсын:

«34-2. Егер Пайда алушы мен Сақтандырылушы бір мезгілде (бір күнде) қайтыс болған жағдайда, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы Сақтандырылушыдан бұрын қайтыс болған жағдайдағыдай (осы тараудың 34-1-тармағына сәйкес) айқындалады.»;

3) Ережелердің 56-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«56. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе оны жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім барлық қажетті құжаттар алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады. Сақтандыру төлемі оң шешім қабылданған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Сақтандырылушының (Пайда алушының) банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылады.

Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімдерде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қосымша ақпарат немесе ұсынылған құжаттарға қатысты мәліметтер қажет болса, ұйым Сақтанушыны (Сақтандырылушыны, Пайда алушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып хабардар етеді.

Бұл ретте Басқарма жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемін сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттарды қараудың шекті мерзімі өткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.»

2. Осы өзгерістер мен толықтырулар «МАК» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

